



**Қ. ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ
АҚТӨБЕ ӨңІРЛІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

***Жұбан Молдағалиев -
туғанына 100 жыл***

биобиблиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2020

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Ғылыми кітапхана

**Ақпараттық - библиографиялық үрдістерді
автоматтандыру бөлімі**

Жұбан Молдағалиев - туғанына 100 жыл

библиографиялық көрсеткіш

Ақтөбе – 2020

ӘОЖ 82
КБЖ 84(5Қаз)
Ж 83

Ақын Жұбан Молдағалиевтың туғанына 100 жылдығына арналған библиографиялық көрсеткіш / бас. жауапты Мазылбекова И.У., құраст.: Шаншарова Г.И. – Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ғылыми кітапханасы. 2020. – 18 бет.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ поэзиясы талантқа бай. Оның ақындық беті мен жазу мәнеріне дейін біріне-бірі ұқсамайтын, бірін-бірі қайталамайтын талантты өкілдері көп дауысты хорға ұқсайды. Осы бір көп дауысты поэзия хорында өз даусымен танылып, творчестволық жолын игі бағытта жақсы дамытқан ақындарымыздың бірі - Жұбан Молдағалиев.

Ұсынылып отырған көрсеткіш Ж.Молдағалиевтың өміріне, халқы үшін еткен еңбегіне, оның әдеби мұрасына арналып отыр.

Көрсеткіште Ж.Молдағалиевтың өмірі мен шығармашылығы жайында мәліметтер, ол туралы естеліктер мен зерттеулер ұсынылды.

Көрсеткіштегі мәлімет хронологиялық тәртіппен орналасқан, ал әр жыл көлемінде – алфавит бойынша берілген.

Биобиблиографиялық көрсеткіш университет студенттеріне, магистранттарға, аспирантар мен оқытушыларға арналған.

Жұбан Молдағалиев

*«Өлеңге ерте келіп, кеш ер жеттім.
Ойлағам шалалықты кешер деп кім?
Қағазға қалдыруға асығыптын
Көңілдің қуанышын, кесел дертін».*
Ж. Молдағалиев.

Оқушы қауымға аты әбден қанық, белгілі ақын Жұбан Молдағалиев – қазақ поэзиясының, бүкіл қазақ әдебиетінің ірі өкілі. Жұбан Молдағалиевтің поэзия төрінен өзіне лайық орын алу кезеңі әріден, соғыстан кейінгі ұлы дүбір дәуірінен, елімізді қайта қалпына келтіру заманынан басталады. Жұбан Молдағалиев қазақ өлеңімен бірге, бүкіл көп ұлтты кеңес поэзиясын ілгері дамытқан айтулы ақын, көркем сөз шеберіне айналды.

Жұбан Молдағалиев 1920 жылы Орал облысының Тайпак ауданында Сайқұдық деген жерде (Қазіргі «Өлеңті» совхозында) туған. Әкесі жастай қайтыс болған ол ана тәрбиесінде өсіп, өз аулында орталау білім алады. Кейін Оралдың ауыл шаруашылық техникумында оқиды. Болашақ ақынның әдебиетке әуестенуімен өлең жазуға жасаған алғашқы талабы да Оралда басталады. Ол әдебиет үйірмелерінің жұмысына белсенді қатысады. 1939 жылы «Комсомол ұрпағы» атты облыстық жастар газетінде оның «Ленин тірі» деген тұңғыш өлеңі жарық көреді.

1940 жылы Жұбан міндетті әскери қызметке шақырылады да, сонда жүріп Ұлы Отан соғысын қарсы алады. Ақынның одан кейінгі шығармашылық өмірі майдан жағдайында өтеді. Оның жас қаламы жауға қарсы ұрыстың ауыртпалық сезімін бастан кеше отырып қаз тұра бастайды. Ақын өзі «Отан үшін», «Майдан ақиқаты», «Жеңіс туы» атты майдан газеттерінде қызмет істеп, өлеңдерін жариялайды.

Совет Армиясы қатарынан кейін Жұбан «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті» газеттері мен «Жұлдыз» журналының редакцияларында, Қазақстан жазушылар Одағында басшы қызметтер атқарды. 1949 жылы оның «Жеңіс жырлары» атты тұңғыш өлеңдер жинағы жарық көрді. Одан бергі дәуірде ақын «Қызыл галстук» (1949), «Нұрлы жол» (1951), «Бастаушымыз партия» (1954), «Жыр туралы жыр» (1957), «Заман тынысы» (1960), «Жесір тағдыры» (1962), «Ғашық көзбен» (1964), «Мен - қазақпын» (1965) тағы басқа кітаптарын жариялады.

Майдан газетінде істеп жүргенде орыстың белгілі ақын-жазушыларын, журналистерін кездестіреді. Олардың ішінде Александр Исбах, Михаил Матусовский, Борис Бялик, майдан газеттері редакциясына келіп-кетіп жүргендердің ішінде Михаил Светлов, Сергей Михалков, Степан Щипачев, тағы басқалары болған. Татар газеті редакциясында Хатип Усманов, Шараф Мударис, Ғұмер Насри сияқты белгілі ақындар, жазушылар істеген. Жұбан Молдағалиев істейтін «Отан үшін» (кейін «Майдан ақиқаты») газетінің редакциясында ақын Сағынғали Сейітов, журналист Ахмет Елшібеков болады. «Соғыс соңында, - дейді Жұбан Молдағалиев - қазақтың қуатты ақындарының бірі Қалижан Бекхожинмен кездесіп, бірнеше қуанышты күндерді бірге өткіздік».

1943 жылдың қарашасында Жұбан Молдағалиев арнаулы тапсырмамен Алматыға келеді. «Отан үшін» атты майдандық газетте басылған «Қазақ» деген өлеңін ала келеді. Өзі сияқты соғыстан уақытша келген Әбу Сәрсенбаевқа жолығады. Әбекен өлеңді оқып, «аяқ-қолын жерге тигізбей» Жазушылар одағына апарады, Сәбит Мұқанов алдында оқиды. Өлең ақырында радиодан беріліп, «Социалистік Қазақстан» газетінде басылады. Сонан кейінгі жағдайда коммунистік идеология талабына сай келмеген өлең 35 жыл бойы еш жерде басылмай, ақын

жинағына да кірмей, тек 1979 жылы шыққан үш томдыққа енеді. Бұл томдарда «Мен-қазақпын» деген поэмамен қатар, өз орнын тапқан. Бұған ақын да көңіл тоқтықпен қарайтын («поэмаға сол өлең түрткі болды», - дейді).

Жұбанның алғашқы жинағы «Жеңіс жырлары» 1949 жылы шықты. Жұбан әлі 29-да ғана еді. Сөйтсе де оның алғашқы өлеңінің ауқымынан алыстап, өскені көрінеді. Айналасы он-ақ жылдық тәжірибе оны ақын қатарына қосты. Оның үстіне оқ пен оттың жырларын бастан кешті. Өлең жазу емес, окоп қазу күндерін өтті. Дегенмен, сол оқ пен от арасында өлең де жазылды - бірақ бұл соғыс шежіресі, соның күнделігі сияқты еді. Үзіліп қалған бейбіт өмірдің елесін аңсағандай, гүл мен күлген күннің өзін көрмей, бірақ барын сезінгендей жырлар туды.

Бұл жай ақынды бірден есейтіп, әлеуметтік, саяси құлашы кең поэзияға бағыттады. Қалам үшкірлігі әлі де жастықты аңғартса, айтып отырған пікірі - өлім мен өмір арпалысындағы жанның ойын, көңілін сездіреді. «Отан», «Бір бассан да алға бас», «Туған елге», «Қазақ», «Шығыста туған елім бар», «Жеңімпаздар сәлемі» деген 1942-1945 жылдары жазылған өлеңдерден осы жайды аңғарамыз. Мұның бәрі - балғын ақынның есейіп қалған өлеңдері. «Жеңіс жырларына» енген осы және басқа өлеңдер, жырлар ақынның ойлы, қоғамдық мән-мағынасы биік поэзияға ұмтылатынын байқатады. Бұл жылдар сол сәттің ауыр, қиын- қыстау жағдайынан, сұрапыл қанды соғыс шындығынан туғаны анық: ақын күнбе-күнгі өмірден алыстап кете алмайды. Алыстау ғана емес, қайсыбір өлеңінде болса да, сол шындыққа соқпай, оны айтпай тұра алмайды. Мәселен, лирикалық өлең деп айтатын жас жанның ішкі көңіл-күйін сездіретін шығармаларының өзін алып қаралық. «Солдат сыры», «Ғафу ет, сұлу бойжеткен», «Баурыңа бас хатымды», «Сағындым, Жайық», «Махаббатты тандасам», «Мәмилаға сәлем хат» және басқа

майдан шебінде туған лирикаларында ақын өлеңге атау болған ұғымдар төңірегінде қалмайды. Сүйгеніне хат жазған лирикалық қаһарман махаббат жайын, ішкі сезімін, «сүйемін», «жанамын» деген көңіл толқуларын ашпайды. «Қан майданда жүр солдат, қамы үшін туған елінің», қалтада жүріп тер сіңген хатымды жиренбей оқы, «қадірі мол қасиет бар солдаттың ащы терінде» деп, өмірдің ащы шындығын білдіретін қатаң өлең жолдарын жолдайды. «Ғафу ет, сұлу, бойжеткен» өлеңінде «сендік емес жүрегім, кеңес қызын сүйемін», әйтпесе, «сүйеді кеңес қызын менің жаным» («Солдат қызға») деген жолдар ақындық биік тапқырлық болмағанымен, сол сәттің (1945 ж.) жәй-күйін аңғартатын, соғыс жорығымен көп ел-жұртты, оның адамдарын, ұлы мен қыздарын көрген лирикалық кейіпкердің әсіресе, елін сағынған, елдегі жарын сағынған жанның қалпын танытатын жолдар. Соғыстан кейін жазған «Махаббатты таңдасам» (1947 ж.) деген өлеңінің өзінде сүйген жар, ана, ер, елге арнаған махаббатын айта келіп, «ғашықтың жүрегімен халқын сүйген, кеңестің ардақтаймын азаматын» дейді.

Осы айтылғандар ақынның ел басына аса қауіпті күндер туғанда ержетіп, соғыстың ыстығы мен суығына көніп, оны өз басынан кешіріп өскен, ерте есейген саналылық жайынан хабар береді. Ақын басқаша айта алмайды, басқаша сөйлей алмайды. Оның поэзиялық тілі соғыс тілімен, қатал күндердің қатал үнімен шыққан, жүрек пен ойды билеп алған отаншылдық сезімге суарылған. Соңғы жылдары Жұбан өзінің туған халқының жаңарған өмірін жырға қоса отырып, халық тағдыры, тарихи дамудың заңдылықтары туралы толғаныстарға көбірек толғанды. «Өлкем жайлы ойласам», «Қанат туралы толғау» атты өлең-жырларында ол туған жердің бүгінгі өзгерістерін ескі дәуір суреттерімен салыстыра отырып көрсетеді. Сол арқылы ақын адам мен уақыттың, халық

пен қоғамның арақатынасын, күресін бейнелейді. Ескіні өзгерткен, уақытты өз ырқына бағындырған, қоғамды жаңартқан адам еңбегін ашады.

Жұбан — лирик қана емес, талантты эпик ақын. Оның ойшыл да сыршыл поэмалары қазақ поэзиясының елеулі табыстарына қосылады.

Жұбан Молдағалиев эпикалық жырларында қазақ поэзиясында бұрыннан қалыптасқан сөз өрнегіндегі бояуы қанық ұлттық нақышты, қазақ халқына тән поэтикалық ерекшілікті жаңа мазмұнмен байытып, еңселі бір белеске көтерген ақын. Бүкіл дүние өлеңінде есімі мағлұм Жұбан қазақ әдебиетіне өзіндік үн, нақыш әкелді. Бүкіл шығармашылығы біртұтас көрініп, алғашқысы мен соңғысы, үлкені мен кішісі бір үн, бір ән болып естіліп жатқан ақын поэзиясы әдебиетіміздің үлкен бір жетістігі, жемісі екенінде дау жоқ.

Қазіргі қазақ әдебиетінде Жұбан Молдағалиев тұғыры биік ұлы тұлға, келешек ұрпаққа өшпес үлгі болып қала бермек, ол әрқашан өзі жырлаған халқының жадында. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде жыл сайын «Жұбан оқулары» өтеді. Қазақ халқы өзінің төл әдебиетінде осындай ұлы ақынның болғанын әр уақытта мақтан етеді.

ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШІ

1962

1. Молдағалиев Ж. Жүрек қазынасы: Повесть. - Алматы: Қаз. Мем. Көркем Әдебиет Баспасы, 1962. - 184 бет.

1965

2. Молдағалиев Ж. Жиырма бес: Дастандар мен өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1965. - 408 бет.

1966

3. Молдағалиев Ж. Торғай толғауы: 1-том. Роман. - Алматы: Жазушы, 1966. - 346 бет.

1967

4. Молдағалиев Ж. Айттым сәлем: Өлеңдер мен поэмалар. - Алматы: Жазушы, 1967. - 124 бет.

5. Молдағалиев Жұбан. Годы в песнях / Джубан Молдағалиев. - Жазушы, 1967. - 380 с.

1968

6. Қирабаев С. Октябрь және қазақ әдебиеті: Мақалалар мен зерттеулер.- Алматы: Жазушы, 1968.- 288 б.

1970

7. Досанов С. Соны іздер: Қазіргі қазақ әдебиеті жайлы ойлар.- Алматы: Жазушы, 1970.-184 б.

8. Жәмішев Ә. Жыр жанары: (Қазіргі қазақ лирикасы туралы ой толғау). - Алматы: Жазушы, 1970. - 168 бет

1973

9. Қирабаев С. Қазақ совет әдебиеті: Факультативтік курсқа арналған 10 класс оқу құралы.- Алматы: Мектеп, 1973.- 184 б.

10. Молдағалиев Ж. Қызыл қайың: өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1973. - 176 бет.

1976

11. Уақыт және қаламгер: Әдеби сын: 4-ші кітап.- Алматы: Жазушы, 1976.- 296 б.

1977

12. Қазақ совет поэзиясының антологиясы: 2 томдық. 1-том / Шығар.: Ә.Тәжібаев, К.Бекхожин, Ж.Молдағалиев және т. б. - Алматы: Жазушы, 1977. - 566 бет.

13. Қазақ совет поэзиясының антологиясы: 2 томдық. 2-том / Шығар.: Ә.Тәжібаев, К.Бекхожин, Ж.Молдағалиев және т. б. - Алматы: Жазушы, 1977. - 568 бет.

14. Молдағалиев Джубан. Сель: поэмы, перевод с казахского / Джубан Молдағалиев. - Советский писатель, 1977. - 120 с.

15. Молдағалиев Ж. Байқоңыр баспалдақтары: Дастан және өлеңдер. - Алматы: Жазушы, 1977. - 140 бет.

1980

16. Молдағалиев Джубан. Сель: поэмы, перевод с казахского / Джубан Молдағалиев. - Советский писатель, 1980. - 144 с.

1981

17. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. - Алматы: Ғылым, 1981.- 320 б.

1982

18. Қаратаев М. Көргенім мен көңілдегім: Естеліктер, портреттер, эсселер.- Алматы: Жалын, 1982.- 276 б.

19. Молдағалиев Ж. Звезда поколения : стихотворения и поэмы, перевод с казахского. - Молодая гвардия, 1982. - 158 с.

1985

20. Өміржанов Ә. Келер деп қатты елеңдеп.- Алматы: Қазақстан, 1985.- 103 б.

21. Молдағалиев Ж. Ақ жалын: өлеңдер мен поэма. - Алматы: Жазушы, 1985. - 136 бет.

1988

22. Молдағалиев Ж. Кісен ашқан: өлеңдер мен поэма - Жазушы, 1988. - 93 бет.

1990

23. Молдағалиев Ж. Жомарт жүрек: биография отдельного лица. - Алматы: Өнер, 1990. - 208 бет.

1996

24. Жұмабай Ә. Ақынның соңғы ерлігі: (Ақын Ж.Молдағалиевтің Желтоқсан оқиғасы кезіндегісі туралы) // Түркістан.- 1996.-16,24 желтоқсан. 7-8 бет.

1997

25. Мамбетов Ж. Азаттық ойдың арнасы: (Ақын Ж.Молдағалиев творчествосы туралы) // Қазму хабаршысы. Филология сериясы.- 1997.-N11.- 26-28 бет.

26. Жәнібеков Ө. Тағдыр тағылымы: Естеліктер: 2 томдық. 2-том - А.: Рауан, 1997.- 135 б.

27. Бақтыгереева А. Мен қазақ әйеліне қайран қалам: (Ақын Ж.Молдағалиев туралы) // Егемен Қазақстан.- 1997.-19 ақпан, 7 бет.

2000

28. Баратқызы А.Ж. Молдағалиевтің "Мен қазақпын" поэмасының қолжазбасы жайында.// Қазақ әдебиеті.- 2000.- 6 қазан.- 8б.

29. Бисенғали З. Ұзарар өмір-із қалса // Известия АН РК.- 2000.-N4.-34-47 б.

30. Құсайын Т. Жайықтағы Жұбан күндері "Мен қазақпын" деген ақын рухын асқақтатты // Егемен Қазақстан.- 2000.- 10 қазан.-1,3 б.

31. Сейітов С. Данғайыр дарын // Қазақстан сарбазы.- 2000.-N77.-6 б.

32. Шарабасов С. Жүрек қоңырауы // Жұлдыз.- 2000.-N11.- 127-134 б.

2001

33. Боранғалиұлы Т. Ғасырға сыр: Мақалалар. Толғаулар. Зерттеулер.- Астана: Елорда, 2001.- 308 б.

34. Иманасов С. Қаламдастарым мен замандастарым / Ред.Е.Дүйсенбайұлы.- Алматы: Қазақстан, 2001.- 224 б.

35. Сүлейменов А. Болмыспен бетпе-бет: Сын мақалалар; Эсселер; Сұхбаттар; Ой-толғамдар; Аудармалар / - Алматы: Жас қазақ, 2001.- 216 б.

2002

36. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен: Зерттеулер, мақалалар, естеліктер.- Астана: Фолиант, 2002.- 504 б.

37. Мәмбетов Ж. Жұбан Молдағалиевтың ақындық шеберлігі: Оқу кұралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2002.- 130 б.

38. Нұрмұхамбет Д. Мың өліп, мың тірілген...// Қазақстан-Заман.- 2002.- 13 желтоқсан.- 4-5б.

2003

39. Мұқай Б. Жазушылардың Жұбаны // Жас алаш.- 2003. - 5 маусым. – 5б.

2004

40. Тәжіғалиева А. Жұбан жырындағы Махамбет бейнесі // Ұлт тағылымы.- 2004. - N 3. - 161-166 б.

2005

41. Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет: таңдамалы ғылыми зерттеулері / М. Базарбаев 2-ші басылым.- Алматы: Жібек жолы, 2005.- 512 б.

42. Қазақ әдебиетінің тарихы: 10 томдық. Т. 9. Кеңес дәуірі (1956-1990) / ред. басқарған С. Қирабаев.- Алматы: Қазақпарат, 2005.- 998 б.

43. Тарихи тұлғалар: танымдық-көпшілік басылым: / құраст. Б. Тоғысбаев, А. Сужикова.- Алматы: Алматыкітап, 2005.- 368 б.

44. Досанов Т. Жаны жайсаң Жайсаңбек // Егемен Қазақстан.- 2005. - 13 сәуір.-4б.

45. Молдағалиев Ж. Күс жолы: Повесть және әңгімелер. - Алматы: Ана тілі, 2005. - 288 б.

2006

46. Қайырбеков Ғ. Алыс та жақын жағалау. 2-ші кітап / Баспаға дайындаған Б. Хамзақызы.- 2006.- 192 б.

47. Қирабаев С. Өмір тағылымдары: естеліктер / Қирабаев С.- Алматы: Білім, 2006.- 480 б.

48. Бейсенова Г.Ә. Үндестік үйлесімі / Бейсенова Г.Ә.// ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы.- 2006. - № 2.-100-102 б.

49. Бейсенова Г.Ә. Жұбан және фольклор / Г.Ә. Бейсенова// ҚазМУ хабаршысы. Филология сериясы.- 2006. - № 5. - 108-111б.

2007

50. Абдрахманов С. Жиыртасыншы ғасыр жырлайды: қазақ поэзиясының антологиясы / С. Абдрахманов.- Алматы: Раритет, 2007.- 504 б.

51. Ораз Н. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.5 / Н. Ораз.- Алматы: Санат, 2007.- 432 б.

52. Мәлікқызы С. "Мыңның ішіндегі асылы еді " / жазып алған Д. Мамырбаева// Жұлдыз.-2007. - N1. – 172б.

53. Молдағалиев Ж. Мен - қазақпын: өлеңдер мен поэмалар / Ж. Молдағалиев; Құраст. Е.Дүйсенбайұлы. - Алматы : Раритет, 2007. - 240 бет. - (Жыр жауһары)

2010

54. Мен-Қазақпын мың өліп, мың тірілген: Жұбан Молдағалиев туралы естеліктер / Құраст.: Ә.Жұмабаев, С.Оспан. - Алматы: Білім, 2010. - 352 бет.

55. Молдағалиев Ж. Өлеңдер, поэмалар: Құраст.: А.Оразалин. - Алматы: Ан Арыс, 2010. - 320 бет.

56. Молдағалиев Ж. Я-казах!: Стихотворения и поэмы / Ж. Молдағалиев; Пер. с каз. Сост.: Б.Имашев. - Астана: Аударма, 2010. - 568 с.

2016

57. Мұратбек Б.Қ. Ж.Молдағалиев «Мен қазақпын» поэмасының тілдік-стильдік ерекшеліктері // Қ.Жұбанов ат. Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің құрылғанына 50 жыл толуына арналған сырттай оқу факультетінің ұйымдастыруымен өтетін Білім беру ұйымдарындағы оқытудың жаңа әдістері тақырыбындағы халықаралық интернет-конференцияның материалдары. - 2016. - 46 б.

2020

58. Жазықбай Т. "Мен-қазақпын жаныммен, жүрегіммен" // Қазақ әдебиеті. - 2020. - №: 40 = 16 қазан. - 1, 4-5 бет.

59. Жақсылықова М. "Жұбан" // Қазақ әдебиеті. - 2020. - №: 40 = 16 қазан. - 5 бет.

МАЗМҰНЫ

<i>Алғы сөз</i>	<i>4</i>
<i>Жұбан Молдағалиев</i>	<i>5</i>
<i>Еңбектерінің хронологиялық көрсеткіші</i>	<i>10</i>